

Құжаттарды аударғанда түпнұсқа тіліндегі тілдік келісімдер жиі мәдени және тілдік ерекшеліктерге тәуелді болып келеді және кейде сөзбе-сөз аудармада оларға салынған мағынаны толығымен жоғалтады. Сондықтан аудармашы өз елі мен тіл иесі болып табылатын елдің құқығын теңдей жақсы меңгеруі тиіс. Заң мамандығындағы заңдардың, нормативтік құқықтық актілер мен т.б. құжаттардың едәуір бөлігін терминдер құрайды.



Ұлттық заңнама терминологиясында шешімін таппай отырған өзекті проблемалардың бірі – заңдардағы, нормативтік құқықтық актілердегі және т.б. ресми құжаттардағы терминдердің бірізге келмеуі және дұрыс аударылмауы .





Я.И.Рецкердің 1950 жылы пайда болған «Заңды сәйкестіктер теориясы», аталмыш теория көпшілік ортаға ғалымның «Туған тілге аудару барысындағы заңды сәйкестіктер туралы» атты мақаласының шығуынан кейін кең тарала бастады. Әйтсе де ғалымның пікіріне ұқсас ойлар 1953 жылы жарық көрген А. В. Федоровтың «Аударма теориясына кіріспе» еңбегінде айтылды.





Заңды сәйкестіктер теориясы салыстырмалы тіл білімінің негізінде шегінде ғасырдан астам уақыт ішінде тілдердегі ұқсастықтар мен ерекшеліктерді табу бойынша жүргізілген зерттеулер бойынша, дәлелді материалдар мен жинақталған тілдік құбылыстарды теориялық түсіндірудің құралдары жасап шығарылған болатын. Заңды сәйкестіктер теориясы лексикадан, синтаксиске, синтаксистен мәнерге дейінгі алуан түрлі тілдік өлшемдерге өз әсерін тигізіп үлгерді.






«Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы» атты монографияның авторы ғалым Д.Әлкебаеваның: «Ресми стильде заң тілінің, яғни жалпы құқықтану саласындағы терминдерді негіздеп, бір жүйеге ендіріп, лексикалық базасын толық орнықтыру көзделінген. Грамматикалық тұлғалары еркін де жатық айқындалуы қажет, сонда ресми стильдің стильдік тұрақтылығы қалыптасады. Ресми стильдегі заң тілін іс қағаздар тілінде оның тар шеңберлік аясында қалдыруға болмайтындығы туралы мәселе анық та айқын.





Құқықтық құжаттың әуелгі мәтінінде баяндалған ақпаратты дәлме-дәл жеткізу үшін аударма әбден анық, нақты және барынша шынайы болуы тиіс. Кейбір жағдайларда заң бағытындағы мәтіндердің аудармасын техникалық аударманың бір саласы деп есептейді. Бірақ, мысалы, егер аудармашы сипаттамаларды суреттеуде болмашы қателік жасаса, нотариалдық куәлікті немесе сенімхатты аударудағы қателіктен болатын нәтижелердей айтарлықтай елеулі салдар болмайды.





Қортынды-

Аударманың қай саласында болсын өзіне тән ерекшеліктері және қиындықтар болады. Қазастанда заңды аударма саласындағы басты қиындықтар ескеріліп сол бойынша жұмыс жасалуда. Қандай тілге аударма жасасақ та және қандай салада жасасақта басты міндет басты мазмұны яғни мағынасын жеткізуді аудармашы естен шығармауы қажет. Сонда ғана аударма тиянақты тыңдаушыға көп ақпарат бере алады. Заңды аударма қиындықтары туралы танысқанда оның басқа аударманың саласымен салыстырғанда ең үлкен айырмашылығы қателіктерінің салдары өте үлкен дауға алып келуі мүмкін. Сондықтанда заңды саласында аудармас бұрын барлық терминдерді білетіне және тура аударма алатындығына сенімді болу қажет деп ойлаймын.





❖ *Пайдаланған әдебиеттер*

❖ *Әбілқасымов Б.* XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. – Алматы: Ғылым, 1968.

❖ Robinson, D. (1997) *Becoming a Translator*

❖ Nida, E. A. (1969) *Science of Translation. Language*

❖ Готти, Маурицио (2016-06-01). «Заң мәтіндерінің тілдік ерекшеліктері: аударма мәселелері». Статуттық заңға шолу



ССЫЛКА

<https://www.insel.kz/kz/perevodcheskie-uslugi/pismennye-perevody/yuridicheskiy-perevod/>

<file:///C:/Users/Almaty/Downloads/214-1-416-1-10-20160408.pdf>

<https://www.insel.kz/kz/perevodcheskie-uslugi/pismennye-perevody/yuridicheskiy-perevod/>

<https://articlekz.com/kk/article/16450>

<https://swsu.ru/sbornik-statey/problemy-perevoda.php>

https://kk.vvikipedla.com/wiki/Legal_translation

<https://emirsaba.org/problemi-yazikoznaniya.html?page=3>